

Балқаштық Кеңес Одағының Батырлары



Вера Захаровна Хоружая
1903 жылы Бобруйск қаласында
дүниеге келді. Ал Балқаш қаласына
Вера Захаровна 1935 жылы келеді.

Оның құрылыш алаңындағы
еңбекі туралы, Балқаш тау-кен
металлургиялық комбинатының алғашқы
құрылышшыларының бірі, "ТЭЦстрой" құрылыш бастығы
Алексей Тимофеевич Хведанцевич өз естеліктерінде
«аудандық партия үйімінің инструкторы етіп
тағайындалған Вера Захаровна оны білетіндердің есінде
өзінің шаршап-шалдығуды білмейтін еңбеккорлығымен,
талапкерлігімен, әріптестеріне деген мейірімділігімен
қалды» - деп жазды. Белоруссияға қайта оралған Вера

Хоружая, соғыс басталып кеткеннен кейін Витебск
жасырын партизан үйімінің жетекшілік етеді. Пинск
облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болып жұмыс
істеген ол жау тылында қалып, партизандық қозғалысқа
қатысуға шешім қабылдайды. 1941 жылдың күздінде
партизан отрядының штабы Вера Хоружаяны майдан шебі
арқылы жау тылына тастан, ондағы партизан отрядымен
байланыс жасауды тапсырады.

1942 жылдың қыркүйек айында ол Анна Сергеевна
Корнилова деген атпен жасырын үйімінің жұмысын
басқарып, партизан отрядымен байланыс орнатады да,
Белоруссия КП ОК-ін партизан қозғалысы жайлы
ақпараттармен қамтып, партизан отрядтарының
жұмысын үйлестіруге атсалысады. Алайда, ол тек 5
апта ғана жұмыс істей алады. Қараша айында ол
Воробьевтардың үйінде орналасқан жасырын пәтерде
фашистердің қолына түсіп, жауынгер жолдастарымен
бірге қаза табады. 1960 –жылы Вера Захаровна
Хоружаяға Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.
Балқаш мыс алыбының іргетасын қалаушылар
қатарында болған белорус халқының батыр қызының
есімі күллі қазақстандықтар үшін ұлкен мақтаныш.



Балқаштың Кеңес Одағының Батырлары



Закир Лутфрахманович

Асфандьяров 1918 жылы туған.
1939 жылы Омбы жаяу
әскер-артиллерия
әскери училищесінің
курсанты болып,
садан кейін Қызыр
Шығыста қызмет атқарды.

Екінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы құндерінен бастап ол артиллериялық зеңбірек командирі болып ұрыстарға қатыса бастады. 1943 жылдың 5-9 шілдесі аралығында - Курск шайқасында оның экипажы жаудың тоғыз танкі мен көптеген жаяу әскерін жойды. Осы шайқастағы жауынгерлік ерлігі үшін Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Ол Львовты азат ету кезіндегі шайқастардағы шебер және шешуші әрекеттері үшін 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталады. Берлин операциясындағы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденіне ие болды. Закир Асфандьяров Польша үшін болған шайқастарда «Варшаваны азат еткені үшін» медалі мен «Польшаның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін» медаліне ие болды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы, 1-шілдедегі Жарлығымен Закир Лутфрахманович Асфандьяровқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Закир Лутфрахманович Асфандьяровты бүгінде толықтай жабылып қалған Шығыс Қоңырат кентінің көптеген бұрынғы тұрғындары құрметпен еске алады. Соғыстан кейін Балқашқа оралған ол Шығыс-Қоңырат кен орнына жұмысқа орналасып, №8 шахтада қатардағы бекітушіден цех бастығы аралығына дейінгі еңбек жолынан өтті. Соғыс батыры осы жерде қайтыс болып, өзі тұрған Шығыс-Қоңырат кентіне жерленді. Батырдың зираты бүгінгі ұрпақтарының лайықты құрметіне ие болып, сақталып күтілуде.

Адамзатты фашизмнің қара обасынан сақтап қалған аға ұрпақтың есімі кейінгі ұрпақтың лайықты құрметіне ие.

Сол себепті де Асфандияровтың есімі біздің қаламыздың тарихында мәнгі сақталады. Батыр Балқаш қаласының күрметті азаматы, бір көшө батырдың есімімен аталады.



Балқаштық Кеңес Одағының Батырлары

Миллер Петр Климентьевич 1910 жылы Украина да дүниеге келді. Ол 1933 жылы армия қатарына шақырылды. Өскерден кейін 1936 жылы Балқаш қаласына келіп, мыс қорыту комбинатында жұмыс істеді. 1942 жылы майданға аттанды. Днепр өзені үшін шайқаста 167 гвардиялық дивизия үлкен ерлік көрсетті. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен 1944 жылы 10- шы қаңтарда Днепрден өтудегі ерлігі үшін П.К.Миллерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Миллер кейін Карпатта соғысып, Женіс күнін Чехословакияда қарсы алды. Соғыстан кейін П.К.Миллер металлург мамандығына оралып, Өскемен қаласындағы В.И.Ленин орденді қорғасын- мырыш комбинатында жұмыс істеді.

1967 жылы Балқаш кен-металлургия комбинатының металлургия цехына мемориалдық тақтасы ілініп: "Кеңес Одағының батыры Миллер П.К металлургия цехинде 1937 жылдан 1942 жылға дейін тиесінің болып істеді", - деген сөздер мыспен жазылған. Балқаш қалалық мәслихаттың 19.01.2000 жылғы №3/31 шешімімен Оңтүстік түйік көшесіне Петр Миллердің есімі берілді.



**Кеңес Одағының Батыры
Петр Климентьевич Миллер**



Балқаштық Кеңес Одағының Батырлары

Николай Георгиевич Подсадник 1922 жылы Витебск облысында дүниеге келген. Оның отбасы Балқаш мыс алыбының құрылышына 1939 жылы Ленинград облысының, Вышний Волочок шағын қаласынан көшіп келеді. Николай Георгиевич Балқаш қаласында М. Горький атындағы № 1 орта мектепті бітіріп, Орынбор ұшқыштар дайындайтын училищесіне окуға түседі де осы жерден майданға аттанады. Ұлы Отан соғысы жылдарында Николай Посадник Суворов, Кутузов орденді 10-гвардиялық штурмовиктер дивизиясының, №165 гвардиялық Қызыл тулы Станиславский полкінің құрамында Киев, Львов, Кишиневті азат ету мен Югославия, Румыния, Австрия аспандарындағы шайқастарға қатысты. Н.Подсадник шабуылдаушы штурмовиктер звоносының жетекші экипажының ұшқышы болды.

80 аса жауынгерлік тапсырмаларды орындауға қатысып, жауынгерлік шеберлік пен батылдық көрсеткені үшін ол екі рет «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталды. 1945 жылдың 18 тамызында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Соғыстан кейін Мәскеу қаласында тұрып, сонда 1976-жылы қайтыс болды.



Николай Георгиевич Подсадник



Балқаштың Кеңес Одағының Батырлары

Олег Николаевич Щербаков 1925 жылы 17 қазанды Одесса қаласында (Украина) дүниеге келген. Ұлты украин. 1941 жылы майдан жақындаған уақытта Қарағанды облысы, Балқаш қаласына көшеді. Балқаш қаласындағы №1 орта мектепте білім алады. 1943 жылы Қызыл Армияға шақырылып, Ленинград майданына жіберіледі. 1944 жылы Харьков танк училищесін бітіріп, 152-ші жеке танк бригадасының командирі болып тағайындалады. Нарвск қаласындағы ұрысқа қатысып, 1944 жылдың қыркүйек айында Эстония қаласын босату кезінде көзге түскен. 1945 жылы 24 наурызда КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының жарлығымен ерлігі, батылдығы мен батырлығы, неміс-фашист басқыншыларына қарсы күрестегі батылдығы үшін, гвардия лейтенанты Олег Николаевич Щербаковқа Кенес Одағының Батыры атағы берілді. Одан кейін ол взвод командирі болды. 1-ші Украин майданының 60-шы әскер құрамында, Польша қаласын босату ұрыстарына қатысқан. Шидлув ауданындағы жаудың қорғанысын бұзғаны үшін және Ниге өзені өткелін басып алғаны үшін Қызыл Жүлдэз орденімен марапатталды.

Сол кезде оның взводымен жаудың 8 түрлі калибрлі каруларын, 12 зенбірек нүктелері және жаудың 50 жауынгер мен офицерлерінің көзі жойылды. Ленин Орденімен 24.03.1945 жылы, Қызыл Жұлдыз Орденімен 30.01.1945 жылы марапатталған. Қазақстанда Балқаш қаласында және Эстонияда Тарту қалаларында мемориалдық тақталар орнатылып, Балқаш қаласындағы №1 орта мектебінің ескерткіш тақтасында оның аты жазылған. Қаламызда Олег Щербаковтың атымен аталатын көше бар.



**Олег Николаевич
Щербаков**



Балқаштық Кеңес Одағының Батырлары

Балқаш әскери комиссариатының тізімінде Кеңес Одағының Батыры М. И. Задорожныйдың есімі де аталады. Ол 1961 жылдан 1965 жылға дейін жұмыс бабымен Балқаш қаласының тұрғыны болды. Кеңес Одағы Батырларының энциклопедиясында көлтірілген шағын дерекке қарағанда М.И. Задорожный 1920 жылы дүниеге келіп, 1942 жылдан бастап Ұлы Отан соғысы майдандарында ұрыс қимылдарына қатысқан. Кеңес Одағының Батырының Алтын жұлдызына барлауышы Берлин түбіндегі Панков қаласының бас ғимаратында Женістің Қызыл жалауын желбіреткен ерлігі үшін ие болады. Михаил Игнатьевич Задорожный женістен кейін Германияда 1949 жылға дейін қызмет етті, содан кейін Түркістан әскери округінде қызметке ауысып, сол жерден Балқашқа жіберіледі. Кеншілер қаласында бес жыл қызмет еткен запастағы полковник М. И. Задорожный кейіннен Украинаға қоныс аударады. Алайда, балқаштықтар оның есімін өздерінің батыр жерлестері ретінде мақтанышпен айтып отырады, құрмет көрсетеді.



М.И.Задорожный



Балқаштың Кеңес Одағының Батырлары

Рақымжан Қошқарбаев! Бұл есім соғыстың соңғы күндерінде анызға айналған еді. Өйткені, Қазақстанның жиырма жасар лейтенанты Рейхstagқа Женістің қызыл жалауын желбіреткендердің алдыңғы қатарында болды. 1945 жылы 30 сәуірде дивизиондық корреспондент В. Субботин өзінің далалық блокнотының бетіне: "Қошқарбаев, взвод командирі, казак. Булатов, солдат, орыс, вятив«-деп жазды. Кейінірек неміс журналисті К. Кокошко Қошқарбаев туралы кітап жазады. 2 мамырда бүкіл әлем Берлиннің күлауы туралы хабарды қуанышпен қарсы алды. Ал 1945 жылдың 3 мамырында Р. Кармен түсірген кинохроника кадрларында Рейхstagқа шабуылдың батырларын көрсетті. Онда Кантариямен, Егоровпен, Неустровпен бірге кіші лейтенант Р. Қошқарбаев та бар. Бұл баға жетпес кадрлардың суретін бүгінде Балқаш қалалық мұражайының келушілері де жерлесімізге арналған көрмeden көре алды. Иә, біз балқаштықтар осылай – Р. Қошқарбаев жерлесіміз деп мақтанышпен айта аламыз, өйткені, ата-анасынан ерте айырылған ол соғыстың алдыңғы жылдары Балқаш мыс зауыты жанындағы фабрикалық - зауыттық оқыту мектебін бітіреді. Балқашта, өзінің айтуынша, достық пен адамгершілік катынастардың бағасын білді.

Бүгінгі күндері, батырдың кезінде мойындалмаған ерлігі өзінің нақты әділ бағасын алып, тарихи орнына қойылып отыр.



Р. Қошқарбаев

